

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Мемлекет және құқық теориясы негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мемлекет ұғымы

- A) Адамзат қоғамы дамуының нәтижесінде пайда болған саяси ұйым
- B) Халықтан салық жинау
- C) Саяси билікті және азамат пен мемлекеттің өзара байланысын ұйымдастырушы
- D) Ең жоғары заңдық күші бар орган
- E) Заңды және жеке тұлға

2. Заң шығарушы орган

- A) Салық комитеті
- B) Парламент
- C) Үкімет
- D) Ұлттық қауіпсіздік органдары
- E) Сот органдары

3. Мәжіліс пен сенаттан тұратын заң шығаратын орган

- A) Үкімет
- B) Сот
- C) Прокуратура
- D) Парламент
- E) Салық комитеті

4. Мемлекет және құқық теориясы пәнінің міндеттері

- A) Саяси-құқықтық сананы дамыту
- B) Заңгерлік кәсіби көзқарастарын қалыптастыру
- C) Мемлекет және құқық теориясының негізгі ұғымдары мен категорияларымен танысу
- D) Пәннің негізгі түсініктерімен таныстыру
- E) Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерделеу

5. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қолданылатын тіл

- A) Француз тілі
- B) Неміс тілі
- C) Орыс тілі
- D) Ағылшын тілі
- E) Қазақ тілі

6. Мемлекеттік органдардың қағидаларын, институттарын немесе құрылымын құратын және құқықтық реттеудің бастапқы шегін анықтайтын нормалар

- A) Белгілі анықталған
- B) Дефинитивті
- C) Жариялылық-құқықтық
- D) Құрылтайшы
- E) Міндеттеуші

7. Қазақстанның қазіргі мемлекет типі

- A) көшпенді мемлекет
- B) тоталитарлық мемлекет
- C) ерте буржуазиялық мемлекет
- D) демократиялық мемлекет
- E) феодалдық мемлекет

8. Құқықтық мемлекеттің белгісі

- A) Құқықтық заңның үстемдігі
- B) Көсемнің болуы
- C) Президентті сайлау
- D) Елдің бөлінуі
- E) Тудың болуы

9. Социалистік мемлекеттердің экономикалық негізі

- A) жерге, басыбайлы шаруаларға меншік құрайды
- B) өндіріс құралдарына жеке меншіктің болуы
- C) жер қоғамдық, мемлекеттік меншікте болады
- D) өндіріс құралдары мен жабдықтарына, өндіруші күштерге меншік
- E) ірі суландыру жүйелеріне меншік

10. Құқық нормаларын түсіндіру (талқылау)

- A) субъектілердің өз құқықтарын жүзеге асыруынан көрінетін құқықты жүзеге асыру нысаны
- B) заңдық норма нұсқауларын құқық субъектілері әрекетінде жүзеге асыру
- C) құқыққа және заңдылыққа қатысты стихиялы түрде пайда болған көзқарастар
- D) құқыққа қатынас көрініс тапқан идея, теория, концепциялар жиынтығы
- E) құқықшығармашылық органның құқық нормасына енгізген мәнін, оны дұрыс қолдану үшін ұғыну және түсіндіру әрекеті

11. Адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің жүйеленген ғылыми көрінісі

- A) құқықтық сана
- B) құқықтық мәдениет
- C) құқықтық тәрбие
- D) құқықтық идеология
- E) құқықтық психология

12. Құқықтық тәрбиелеу әдістері

- A) императивтік, диспозитивтік, ұсынымдық
- B) жеке, топтық, қоғамдық
- C) сендіру, мәжбүрлеу, көтермелеу
- D) үгіттеу, насихаттау
- E) жеке үлгі көрсету, кеңес беру

13. Нормативті және құқық қолдану актілері, құқықты талқылау актілері, газет-журналдар құқықтық тәрбиелеу құралдары ретінде

- A) ауызша құралдар
- B) материалдық құралдар
- C) қосымша құралдар
- D) негізгі құралдар
- E) жазбаша құралдар

14. Мектепте, арнаулы-орта және жоғары оқу орындарында арнаулы дайындықтан өткізу және білім беру құқықтық тәрбие нысаны ретінде

- A) қылмыскерлерді тәрбиелеу
- B) азаматтарды тәрбиелеу
- C) заңдық тәжірибе
- D) құқықтық насихаттау
- E) құқықтық білім беру

15. Құқықбұзушылықтың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі

- A) құқықбұзушылықтың объектісі
- B) құқықбұзушылықтың субъектісі
- C) құқықбұзушылықтың субъективті жағы
- D) құқықбұзушылықтың объективті жағы
- E) құқықбұзушылықтың құрамы

16. Адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салу заңды жауапкершілік қағидасы ретінде

- A) заңдылық
- B) ізгілік
- C) әділеттілік
- D) негізделгендік
- E) бұлтартпастық

17. Мемлекет органдарының өкілеттердің сипатына қарай

- A) Жергілікті және атқарушы органдар
- B) Дара және күрделі органдар
- C) Алқалы органдар
- D) Өкілетті органдар
- E) Жалпылама құзыретті органдар, арнайы құзыретті органдар

18. Құқықбұзушылықтың субъектісі

- A) құқықбұзушылық бағытталған қоршаған ортаның құбылыстары
- B) әрекет немесе әрекетсіздік, зиянды нәтиже, олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыс
- C) құқықбұзушылықтың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі
- D) субъектінің жасалған іс-әрекетке және оның салдарына психикалық қатынасы, құқықбұзушы еркінің бағыттылығы
- E) әрекет немесе әрекетсіздік жасаған деликтқабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым

19. Шығыстық мемлекет типінің басты белгісі

- A) жерге мемлекеттік және қоғамдық меншікке негізделген
- B) жерге жеке меншікке негізделген
- C) биліктің қайнар көзі меншік болып табылады
- D) қуатты шенеуліктік аппараттың болмауы
- E) қала-республика ретінде пайда болады және өмір сүреді

20. Мемлекет типологиясына қатысты негізгі көзқарастар

- A) таптық, формациялық, өркениеттік
- B) шығыстық, батыстық, аралас
- C) аймақтық, ерекше, қазіргі
- D) құлиеленуші, буржуазиялық, социалистік
- E) формациялық, өркениеттік, технократиялық

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасы аумағында жалпы ережелер бойынша тауар құны _____ төленеді
А) АҚШ долларымен
В) евромен
С) теңгемен
D) сомдармен
E) рубльмен

2. Мұрагер мұра ашылған күннен бастап мұрадан бас тартуға құқығы бар мерзім
А) 6 ай
В) 5 ай
С) 4 ай
D) 8 ай
E) 2 ай

3. Сотта істі қарау аумағына байланысты осы соттың құзыретіне жатқызылған соттылық
А) тектік
В) шарттық
С) істердің байланысы бойынша
D) аймақтық
E) ерекше

4. Нотариус мұрагердің өтінішімен оған берілетін құжат: мұрагерлікке құқық туралы _____
А) бұйрық
В) шешім
С) куәлік
D) шарт
E) келісім

5. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алушының меншігіне беруге міндеттенетін шарт

- A) кешенді кәсіпкерлік
- B) сыйға тарту
- C) кәсіпорынды сату
- D) айырбас
- E) келісімшарт жасасу

6. Құқық мирасқорлығы болуы мүмкін

- A) процестің кез келген сатысында
- B) азаматтық істі қозғағанға дейін
- C) сот шешімі шыққанға дейін
- D) сот шешімін жариялағанға дейін
- E) істі сотта қарауға әзірлеуге дейін

7. Қорғаншылық пен қамқоршылық бойынша міндеттемелер жүзеге асырылады

- A) республикалық бюджет есебінен, ақылы
- B) ақысыз
- C) қорғаншы және қамқоршы органдар есебінен, ақылы
- D) ақылы
- E) жергілікті бюджетпен, ақылы

8. Неке және отбасы, ана, әке және бала ... қорғауында болады

- A) мемлекеттің
- B) мүдделі тұлғалардың
- C) ұйымдардың
- D) прокурордың
- E) қоғамның

9. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы негізделеді

- A) әдістерге
- B) келісімдерге
- C) нормаларға
- D) заң құжаттарына
- E) қағидаларға

10. Бөлуге жатпайды және балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі

- A) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс сомалары
- B) ерлі-зайыптылардың зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары
- C) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен түскен табыс сомалары
- D) кәмелетке толмаған балалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар
- E) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметтен түскен табыс сомалары

11. Әкелікті сот тәртібімен белгілеу реттеледі

- A) азаматтық іс жүргізу заңымен
- B) әкімшілік заңмен
- C) қылмыстық іс жүргізу заңымен
- D) азаматтық заңмен
- E) еңбек заңымен

12. Некеге отыруға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік

- A) бөлек меншік
- B) үлестік меншік
- C) әрқайсысының меншігі
- D) ортақ бірлескен меншік
- E) бірлескен меншік

13. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде өндіріп алу тәртібі жүзеге асырылады

- A) салық органымен
- B) нотариуспен
- C) сотпен
- D) прокуратурамен
- E) мемлекеттік органмен

14. Патронатты тәрбие туралы ережені бекітеді

- A) тіркеу органы
- B) үкімет
- C) әділсот
- D) парламент
- E) президент

15. Неке-отбасы құқықтарын қорғауды жүзеге асырады

- A) лауазымды тұлғалар
- B) прокурор
- C) мемлекет
- D) әкімшілік ұйымдар
- E) сот

16. Патронаттың туындауына негіз болып табылады

- A) шарт
- B) өкілдік
- C) сенімхат
- D) жарғы
- E) мәміле

17. Азаматты әрекет қабілетсіз деп танитын орган

- A) Қорғаншылық органы
- B) Тек қана сот органы
- C) Қамқоршылық органдар
- D) Басқару органдары
- E) Прокуратура органдар

18. Азаматтық қатынастардағы міндеттерді анықтайтын элемент

- A) Объектісі
- B) Субъектісі
- C) Нысаны
- D) Мазмұны
- E) Объективтік жағы

19. Заң құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын онымен байланыстыратын мән - жай

- A) Заңды белгі
- B) Заңды элемент
- C) Заңды факті
- D) Заңды норма
- E) Заңды құқық

20. Тұрақты рентаны төлеу мерзімі

- A) рента төлеушінің түскен пайдасына байланысты
- B) әрбір жарты жыл аяқталғаннан кейін
- C) әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін
- D) әрбір күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін
- E) әрбір күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тиесілі

- A) іске қатысушы тараптар
- B) мемлекеттік органдар мен адвокатқа
- C) сотқа
- D) басқа да тұлғаларға
- E) сарапшыларға
- F) үшінші тұлғаларға
- G) адвокатқа

22. Азамат өз есімін өзгерткені туралы ... хабарлауға міндетті

- A) сот пен прокурорды
- B) таныстары мен достарын
- C) бастығы мен әріптестерін
- D) жақын мен алыс туыстарын
- E) борышқорларына
- F) несие берушілерге
- G) сот пен адвокатқа

23. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастар

- A) әкімшілік
- B) экономикалық
- C) мүліктік
- D) еңбек
- E) конституциялық
- F) заңи
- G) мүліктік емес жеке

24. Мерзім белгіленеді

- A) тараптардың келісімімен
- B) заңмен
- C) прокурормен
- D) мемлекетпен
- E) мәмілемен
- F) адвокатпен
- G) сот тағайындайды
- H) шағымданушымен

25. Азаматтық кодекске сәйкес мұраның түрлері

- A) Әкімшілік акт негізіндегі мұра
- B) Жазбаша және ауызша нысанда жасалатын шарт түріндегі мұра
- C) Келісім бойынша кезек түріндегі мұра
- D) Ауызша нысанда жасалатын өсиет
- E) Заң бойынша және өсиет бойынша
- F) Мемлекеттік мұра
- G) Заң бойынша мұра
- H) Өсиет бойынша мұра

26. Авторға туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға берілетін құқықтар

- A) Айрықша құқықтар беріледі
- B) Қосымша құқықтар беріледі
- C) Негізгі құқықтар беріледі
- D) Басты құқықтар беріледі
- E) Топтық құқықтар беріледі
- F) Міндетті құқықтар беріледі

27. Сабақтас құқықтарды қорғауды рәсімдеу белгісі

- A) "С" латын әрпі
- B) "G" латын әрпі
- C) "F" латын әрпі
- D) "Q" латын әрпі
- E) "S" латын әрпі
- F) "P" латын әрпі

28. Авторлық құқықты қорғауды рәсімдеу белгісі

- A) "С" латын әрпі
- B) "G" латын әрпі
- C) "F" латын әрпі
- D) "Q" латын әрпі
- E) "S" латын әрпі
- F) "J" латын әрпі

29. Талап қою мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады, егер

- A) талап қоюға төтенше немесе бұл жағдайда болмай қоймайтын оқиға кедергі жасаса
- B) мораторий жарияланса
- C) талапкер немесе жауапкер соғыс жағдайына көшірілген әскери бөлімшелер құрамында болса
- D) тұлға өзінің құқықтары бұзылғаны туралы білмей қалса
- E) тұлға сауатсыз болса
- F) тұлға емдеу мекемесінде болса
- G) тұлға елден шығып кеткен болса
- H) тұлға бостандықты шектеу жерінде болса

30. Сенімхатқа мына жағдайларда ұйымның басшысы, бас бухгалтері қол қояды және оған мөр басылады

- A) сотта өкілдік ету
- B) баламен бірге жол жүруге сенімхат беру
- C) құжаттарды тіркеуге тапсыруға сенімхат беру
- D) ұйымның есеп шотынан ақша аудару
- E) материалдық құндылықтарды сатып алуға сенімхат беру
- F) кәсіпорынды сату шартын жасасуға сенімхат беру
- G) баланың мүдделерін білдіруге сенімхат беру
- H) жеке автомобильді сатуға сенімхат беру

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Азамат Аманбеков Н. Қалалық маршруттардың бірінде жүретін «МАН» автобустарының бірін айына 100 000 теңге көлеміне 2 жылға жалға алады. Үш ай нақты жұмыстан кейін автобустың моторы бұзылып бір ай жөндеу жұмыстарында тұрады. Сол айда жұмыс істемеген Аманбеков Н. автобус иесі Марғұланов С. – ға мән жайды түсіндіріп осы айда жалақысының құнын төмендетуді сұрайды. Бұған автобус иесі Марғұланов С. жалдау ақысын толық төлеуді талап етеді. Бұл мәселе қалай шешілуі тиіс.

31. Жалға алушы Аманбеков Н. мен автобус иесі Марғұланов С. арасындағы дауды шешіңіз

- A) Жалға алушы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты мүліктің жай-күйі едәуір нашарласа ол төлемді тиісінше азайтуды талап етуге құқылы
- B) Жалға алушы Аманбеков Н. толық көлемде төлейді
- C) Жалға алушы Аманбеков Н. төлемді келесі аймен қосып төлейді
- D) Жалға алушы Аманбеков Н. жалдау ақыға тағы 30 пайыз қосып төлейді
- E) Автобус иесі Марғұланов С. жалдау ақыға тағы 40 пайыз қосып төлеуді талап етеді

32. Мүлікті пайдаланғаны үшін жасалатын төлем мөлшері, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, кем дегенде жылына неше рет өзгертілуі мүмкін

- A) Шексіз
- B) Екі рет өзгертіледі
- C) Үш рет өзгертіледі
- D) Бір рет өзгертіледі
- E) Мүлдем өзгертілмейді

33. Мүліктік жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса

- A) Ұзақ мерзімге жасалған деп есептеледі
- B) Белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі
- C) Қысқа мерзімге жасалған деп есептеледі
- D) Ортақ мерзімге жасалған деп есептеледі
- E) Тұрақты мерзімге жасалған деп есептеледі

34. Мүліктік жалдау шартының объектісіне жатпайды

- A) Жер учаскелері
- B) Үйлер
- C) Тамақ
- D) Жабдықтар
- E) Ғимараттар

35. Мүлікті жалға беру міндеттемелеріне жатпайтын шарт

- A) Көлік құралдарын жалдау
- B) Лизинг шарты
- C) Прокат шарты
- D) Тұрғын үйді жалдау
- E) Сақтандыру шарты

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қалалық театрға келген азамат Спиридонов Ж. киім ілгішке үстіндегі құндыз жағалы тонын және күзеннен тігілген баскиімін өткізеді. Спектакль аяқталысымен қолындағы номерін беріп киімін тосып тұрса, оған киім ілгіш жұмыскері мүлде бөлек ескі тымақ пен сырт киімді қолына ұстатады. Қатты ашуланған азамат Спиридонов Ж. бұл киімдерді алудан бас тартып, өз киімдерін беруді талап етеді. Бұл мәселе қалай шешіледі.

36. Қалалық театр және азамат Спиридонов Ж. арасындағы мәселені шешіңіз

- A) Азамат Спиридонов Ж. киімі, бас киімі қайтарылмайды
- B) Номерде ілініп тұрған зат беріледі
- C) Театр әкімшілігі басқа киім іздеуден бас тартады
- D) Театр әкімшілігі сырт киімі құнын төлейді бас киімсіз
- E) Театр әкімшілігі жоғалған барлық киімінің құнын толығымен төлейді

37. Сақтау шартының жекелеген түрлеріне жатпайды

- A) Ломбардта сақтау
- B) Құндылықтарды банкте сақтау
- C) Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау
- D) Үйде сақтау
- E) Ұйымдардың киімлігіштерінде сақтау

38. Жоғарыдағы сақтау шартының жасалу нысаны

- A) Қарапайым жазбаша нысанда
- B) Нотариалдық куәландыру арқылы жазбаша
- C) Ауызша нысанда
- D) Мемлекеттік тіркеуді талап ететін жазбаша нысанда
- E) Нотариалдық куәландыру арқылы ауызша

39. Сақтау шарты жасалған деп танылады

- A) Затты ұмытып кетсе
- B) Зат сақталуға берілген кезден бастап
- C) Затты сақтауға ұсынған кезден бастап
- D) Затты сақтау туралы түбір берген кезден бастап
- E) Затты сақтандарған кезден бастап

40. Жоғарыда қарастырылып отырған қатынастар қандай міндеттемелерге жатады

- A) Қызмет көрсету міндеттемесі
- B) Мұрагерлік міндеттемелері
- C) Шарттан тыс міндеттемелер
- D) Жұмыс жүргізу міндеттемесі
- E) Мүлікті жалға беру міндеттемесі

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.